

"Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 647 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 қыркүйекте № 35155 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25488 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларында:

126-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуетті өнім берушіде өткізілетін сатып алу нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы;"

128-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"128. Тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушіде сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі және құрылыспен байланысты емес жұмыстар болған әрбір жыл үшін нөл бүтін оннан бес (0,5%) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер сатып алу нысанасы болып табылатын тендерде тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің бар болуы үшін әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.";

333-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) орындалу ұзақтығына байланысты орындалу (көрсетілу, жеткізілу) мерзімі тиісті бюджетте, даму жоспарында, қаржыландырудың жеке жоспарында белгіленген келесі (келесі) қаржы жылында (жылдарында) шартталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және

күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайларда жүзеге асырылады. Мұндай шарттың қолданылу мерзімі үш жылдан асады.";

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымшада:

Тендерлік құжаттамаға 15-қосымшада 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Растау құжаттарының (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде тендерде сатып алынатын ұқсас (сол сияқты) көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер сатып алу нысанасы болып табылатын тендерде растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін (болған жағдайда толтырылады) қоса бере отырып, тендерде сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) ағымдағы жылдың алдындағы соңғы бес жыл ішінде көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер толтырылады.

	Көрсетілетін қызметтің атауы	Қызметтерді көрсету орны	Тапсырыс берушінің атауы	Қызметті көрсеткен жылы, айы (_бастап _)	Растау құжатының атауы, күні және нөмірі	Растау құжаттарының электрондық көшірмесі (сілтеме)
1						
	Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын					

".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

